

### QOŖAM

АДАЛДЫҚ –  
АСЫЛ ҚАСИЕТ

5-бет

### DENSAÏLYQ

ӨЗГЕНІ ЗОР САНАУ –  
ӨЗИНДІ ҚОР САНАУ

8-бет

### АДЕБИЕТ

«АБАЙ» РОМАНЫ МЕН АБАЙ  
ӨЛЕНДЕРІН АРАБ ТІЛІНЕ АУДАРҒАН

9-бет

### DIDAR

«ТӨЛЕ БИ» ФИЛЬМІ: БАЛА БИДЕН  
ДАНА БИГЕ ДЕЙІН

12-бет



## Тапсырмалар берді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Аскар Маминді қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына Үкіметтің әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша қабылдаған шаралары және бұрынғы берілген тапсырмалардың орындалуы барысы баяндалды.

Қазақстан Президенті Премьер-Министрге шұғыл түрде Үкіметтің жанарған әлеуметтік саясаты

бойынша шаралар әзірлеуді тапсырды. – Бұл саясат халықтың өмір сүру деңгейін арттыру тұрғысынан тиімді болуы керек. Сондықтан ол нақты мұқтаж жандарға ғана бағытталуы шарт, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

## Күзет қызметі – маңызды құрылым

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік күзет қызметінің басқарушы құрамымен кездесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президенті жеке құрамға Мемлекеттік күзет қызметінің жаңадан тағайындалған бастығы Әнуар Садықұловты таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мемлекеттік күзет жүйесін дамытудың негізгі бағыттары туралы Күзет қызметі басшысының баяндамасын тыңдады.

– Мемлекеттік күзет қызметі – төтенше маңызды ұйым. Сіздер қызмет атқару барысында осыны кәперде ұстаныңдар. Мемлекеттік күзет қызметіне айрықша міндеттер жүктеледі. Сондықтан мемлекеттік күзет мәселесі әрқашан басты назарда болады. Тапсырылған іске барына адалдық танытып, жоғары кәсіби дайындықтарыңызды көрсететіндеріңізге сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ішкі және сыртқы қауіп-қатердің құбылмалы жағдайында күзет

қызметкерлерінің кәсібилігіне қойылатын талап өте жоғары болатынын атап өтіп, қызметке кәсіби, идеологиялық және зияткерлік тұрғыдан дайын жас жігіттер іріктеп алынатынын айтты.

– Мемлекеттік күзет қызметінің офицерлерінде келіссөздер жүргізуге қажетті дипломатиялық дағдыларға сәйкес келетін әскери біліктілік, қырағылық, ақпаратты қорыта білу сияқты сапалық қасиеттер болуы тиіс. Сонымен қатар ішкі және сыртқы саясатты түсінетін және білетін саяси білімі жетік болуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл әрекет ету штабының жұмысымен танысып, Мемлекеттік күзет қызметінің жұмыс кабинеттерін аралап көрді. Сондай-ақ Күзет қызметінің жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

### І ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

## Құттықтаулар жалғасуда

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Қазақстан Президенті болып сайлануына орай құттықтау хаттары мен жеделхаттар келіп жатыр, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Франция Президенті Эммануэль Макрон Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтап, табыс тіледі. Сондай-ақ ол алдағы уақытта кездесуге, екі ел арасындағы қарым-қатынастардың перспективалары мен одан әрі дамыту мәселелерін талқылауға әзір екенін жеткізді.

«Франция арадағы қарым-қатынастардың ілгері дамуына ерекше мүдделі. Біз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев мырзамен Брюссельдегі кездесуімізде ынтымақтастықтың экономикалық саладағы үш басым бағытына тоқталдық. Олар: ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешен, жаңартылатын энергия көздері және цифрлық сала».

(Соңы 2-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:  
1) Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы;

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің экспортты ілгерілету саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып;

- 2) Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қоршаған ортаны қорғаудың, тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және іске асыру, табиғи ресурстарды қорғау, оларды ұтымды пайдалануды бақылау және қадағалау саласындағы;

(Соңы 2-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Б.Т.Сұлтановты Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі қызметіне тағайындау туралы

Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 17 маусым №18

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.М.Мырзағалиевті Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы

Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 17 маусым №19

### Мағзұм Маратұлы МЫРЗАҒАЛИЕВ

М.М.Мырзағалиев 1978 жылы туған, «Тұран» университеті, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясы, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инженеринг университетінің бітірген. Мамандығы бойынша экономист, халықаралық экономикалық қатынастар маманы, инженер.

Еңбек жолын коммерциялық ұйымдарда бастады. 2007-2013 жылдары «ТенісСервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарушы директоры, сервистік жобалар және инновациялық даму жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің орынбасары лауазымына тағайындалған.

2014 жылғы тамыздан – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің орынбасары.



### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:  
Бауыржан Қыдырғалиұлы Байбек – Алматы қаласының әкімі;  
Ғабидолла Рахметоллаұлы Әбдірахымов – Шымкент қаласының әкімі;  
Ермек Боранбайұлы Маржықпасов – Ақмола облысының әкімі;  
Оңдасын Сейілұлы Оразалин – Ақтөбе облысының әкімі;  
Амандық Ғаббасұлы Баталов – Алматы облысының әкімі;  
Нұрлан Асқарұлы Ноғалов – Атырау облысының әкімі;  
Аскар Исабекұлы Мырзахметов – Жамбыл облысының әкімі;  
Ерлан Жақанұлы Қошанов – Қарағанды облысының әкімі;  
Архимед Бегежанұлы Мұхамбетов – Қостанай облысының әкімі;

(Соңы 2-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Р.Райымқұлованы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы

Ақтоғы Рахматоллақызы Райымқұлова Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 17 маусым №21

### Ақтоғы Рахматоллақызы РАЙЫМҚҰЛОВА

А.Р.Райымқұлова 1964 жылы туған, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының, Халықаралық бизнес академиясының, Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының бітірген. DBA (Doctor of Business Administration) ғылыми атағы бар.

Еңбек жолын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында концертмейстер болып бастаған. Қазақ мемлекеттік қыздар институтының оқытушысы, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының оркестрлік дирижерлеу кафедрасының оқытушысы, композиция және арт-менеджмент кафедрасының меңгерушісі, ғылыми-шығармашылық жұмыс жөніндегі доцент, профессор, проректор болып еңбек етті. Мәдениет және спорт министрінің Мәдениет және өнер істері комитеті төрағасының орынбасары, Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры болып тағайындалған.

2016 жылғы қазаннан – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің орынбасары.



### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қырымбек Елеуұлы Көшербаев – Қызылорда облысының әкімі;

Болат Жұмабекұлы Бақауов – Павлодар облысының әкімі;  
Құмар Іргембайұлы Ақсақалов – Солтүстік Қазақстан облысының әкімі;  
Өмірзақ Естайұлы Шөкеев – Түркістан облысының әкімі;  
Даниял Кенжетайұлы Ахметов – Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 17 маусым № 22

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:  
1) Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, оған Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу, әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, оған Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып;

3) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, оған:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің геодезия және картография саласындағы;

(Соңы 2-бетте)

